

Сиырдың ахуалы*

- Егер сиыр бұзаулауға жағдайда, себебін көрсету қажет (санды көрсетуге болады):

1. – Бедеулік
2. – Түсік тастаған
3. – Сиырдың бұзаулау кезінде өліп қалуы
4. – Бұзаулауға дейін өліп қалуы
5. – Бұзаулағаннан кейін өліп қалуы

Желін - денеге бекітілуі және емізік мөлшері көрсеткіштері.

Денеге бекітілуі және емізік мөлшері көрсеткіштері бұзаулағаннан кейін 24 сағат аралықта келесі балдық шкала бойынша өлшенеді:

1. – Желіннің қатты салбырап түсуі
2. – Емізіктің өте үлкен болуы
3. – Желіннің салбырап түсуі
4. – Емізіктің үлкен болуы
5. – Желіннің орташа болуы
6. – Емізіктің орташа болуы
7. – Тығыз бекітілген желін
8. – Емізіктің кішкентай болуы
9. – Өте тығыз бекітілген желін



Сиырдың күй жағдайы* (СКД)

- Бұл жануардың қондылығы мен белсенділігіне байланысты сыртқы формаларының қатынасы. СКД жыныстық құмарлыққа, ұрықтандыру қабілетіне, сервис-кезең мен тб. әсер ететіндіктен маңызды болып табылады. СКД бағалау 9 балдық шкала бойынша визуалды жүргізіледі:

1. – Арық
2. – Ашыққан
3. – Жартылай ашыққан
4. – Орташадан төмен
5. – Орташа
6. – Орташадан жоғары
7. – Зауыттық
8. – Жоғары
9. – Бордақылаған

Біртекті топ (БТ)

- егер сиырлар, қандай да бір себеппен жануар терең буаздықта басқа жағдайларда ұстаса, "1" санын көрсетіңіз. Егер сиырларды төлдеуге дейін ұстау шарттары бірдей болса, осы бағанды бос қалдырыңыз.

Туу түрі

- сиырдан туған бұзаулар санын көрсету қажет.

Туылған кездегі салмағы

- бұзауды 24 сағат аралығында таразылармен өлшеп, одан кейін оның дәл салмағын көрсету қажет.

Бұзаулау жеңілдігі

- келесі балдық шкаламен өлшенеді:

1. – Өздігінен бұзаулау
2. – Бұзаулау кезіндегі көмек
3. – Ауыр бұзаулау
4. – Хирургиялық араласу
5. – Ұрықтың дұрыс орналаспауы